

## Республикалық бюджеттің ағымды шығыстарын қаржыландыру үшін қаражат тарту шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 4 шілдедегі N 638

"1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 9 желтоқсандағы Заңын (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж, N 22, 334-құжат) орындау үшін, сондай-ақ ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаларды орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамынан Азия Даму Банкінің ауыл шаруашылығы секторына арналған бағдарламалық заемының Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында 23 миллион АҚШ доллары сомасындағы қаражаттың қарызға алу тапсырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамына қарызға алынған қаражаттың қайтарылуын 1998 жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмеуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі